

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н.ГУМИЛЕВА
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L.N.GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық,
Абай Құнанбайұлының 175 жылдық және
С.М. Жақыповтың 70 жылдық мерейтойына арналған
«Жаһандану әлеміндегі адамның денсаулық психологиясы»
тақырыбындағы халықаралық ғылыми - практикалық конференцияның

МАТЕРИАЛДАРЫ

2020 жылдың 15 мамыры

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-практической конференции
«Психология здоровья человека
в глобализирующемся мире»
к1150 - летию Абу Насыра аль-Фараби,
175-летию Абая Кунанбайулы и 70 - летию С.М. Джакупова
15 мая 2020 года

PROCEEDINGS

International scientific conference about
«Psychology of human health in a globalizing world»
dedicated to 1150th anniversary of Abu Nasyr al-Farabi,
175th anniversary of Abay Kunanbayuly and
70th anniversary of S.M. Dzhakupova

15 May 2020



Нұр-Сұлтан, 2020

УДК 159.9 (063)
ББК 88,3
П 86

Редакционная коллегия

Қашхынбай Б.Б.-декан факультета социальных наук, (ответственный редактор)

Сламбекова Т.С. - профессор, заведующий кафедрой Социальной педагогики и самопознания

Айкинбаева Г.К. -кандидат педагогических наук, доцент

Мамбеталина А.С. -кандидат психологических наук, доцент

Нурадинов А.С. -кандидат психологических наук, доцент

Рыскулова М.М. -кандидат педагогических наук, доцент

Исаханова А.А. – PhD психологии

Организационный комитет

Ақымбек Г.Ш. -магистр психологии

Бурдесбекова У.И. -магистр педагогики

Құнанбаева А.Ж. -магистр психологии

Лекенова А.-магистр социальной педагогики и самопознания

Психология здоровья человека в глобализирующемся мире: Сб. науч. статей Межд. конф. города Нур – Султана. 15 мая 2020 г. /Под ред. Б.Б. Қашхынбай, Т.С. Сламбековой, Г.К. Айкинбаевой. – Нур –Султан: ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. – 498 с.

ISBN 978-601-337-343-0

В настоящий сборник вошли материалы II Международной научно-практической конференции «Психология здоровья человека в глобализирующемся мире» к 1150 – летию Абу Насыра аль-Фараби, 175- летию Абая Кунанбайулы и 70- летию С.М. Джакупова. (город Нур Султан 2020 г.)

Материалы предназначены для молодых ученых, соискателей, студентов, магистрантов, докторантов, интересующимися проблемами психологии.

ISBN 978-601-337-343-0

©ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, 2020

©Кафедра социальной педагогики и самопознание

ЕНУ им Л.Н. Гумилева

7. «Ирек немесе басқыштар» - «ұшақ» тәрізді. Осы қарапайым әдіс-тәсілдерді балалабақшада жас ерекшелігіне қарай біртіндеп күрделендіре отырып төмендегідей аңдар, құстар т.б бейнелерді қағаздан бүктеп жасауды үйретеміз. Мысалы өзім балабақшаға барғанда тәжірибеде пайдаланған бірнеше үлгілерді жасап көрсеткім келеді.

Аталған қарапайым іскерліктері меңгерту сәбилердің екінші тобынан басталады да естиярлар тобында 2-3 бүктелетін заттар, ересек, мектепке даярлық тобында қағазды бүктеу арқылы тәрбиеші қарапайым және күрделі тапсырмаларды шешуде баланы үнемі шығармашылыққа бағыттап отырады. Мәселен: бала құстардың немесе аңдардың бейнесін қағаздан бүктеп жасайды да оларды қағаз бетіне орналастырып, мазмұн бере толықтырады. Оригами балаларда сананың бақылауымен, қолмен жұмыс істеу қабілетін дамытады, көз өлшегіштің дамуы орын алады. Оригами жадының дамуын да ынталандырады, өйткені бала қол өнер жасау үшін оның жасау ретін, бүктеу тәсілін есте сақтау керек. Оригами балалардың негізгі геометриялық ұғымдармен (бұрыш, квадрат, үшбұрыш, тіктөртбұрыш т.б.) таныстырады, сонымен қатар сөздік қорын арнайы терминдермен байытады, ойлау процестерін белсендіреді.

Ойымызды қорытындылай келе, баланың өсіп жетілуіне, дамуына, тұлға болып қалыптасуына барлық дерлік, балаға пайдалы технологияның маңызы мен әсері көп. Осы «Қағазбен жұмыс жасау» технологиясын балаларға пайдалана отырып, баланың бойындағы шығармашылығын оятып қана қоймай, барлық мүмкіндіктерін ашуға ықпал ететініміз анық.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірлігі «Білім туралы заң» 27.07.2007ж.(өзгеріс толықтырулары 13.11.2015ж/ 13.05.2016ж)
2. Жумабекова Ф.Н. Қағазбен жұмыс жасау. Алматы, Ақнұр баспасы, 2016.
- 3.Афонкин С.Ю, Афонькина Е.Ю. «Балалар мен ересектерге арналған оригами энциклопедиясы»,2008.
4. Соколова С.В. «Оригами для дошкольников», МДҰ тәрбиешілеріне арналған әдістемелік құрал. 2008.
5. <https://massaget.kz/layfstay1/bilim/zharatylystanu/18577>

ӘОЖ 159.972

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МАМАНДЫҚ ТАҢДАУДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Уасхан Айгерім Нұрланқызы

sps11_enu@mail.ru

6М066-3103 - «Психология» мамандығының 1 курс магистранты,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасының Білім беру туралы заңында ғылым мен практикалық жетістіктерді жеке тұлғаны дамытуға, шығармашылық тұрғыда жетілдіруге интеллектуалдық дамытуға бағыттау нәтижесінде кәсіби тұрғыда білікті маман етіп тәрбиелеу міндеті тұр. Демек қоғамның ілгері дамуының негізгі көрсеткіші мектептерде оқыту жүйесін жетілдіру және оқушылардың мамандық таңдауына психологиялық қолдау көрсету өзекті мәселе болып отыр. Сондықтан оқушылардың мектепте оқып жүрген кездерінен-ақ олардың ойлау белсенділігі мен білім, білік, дағдыны дұрыс пайдалана білу қажеттілігі туындайды.

Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінің негізгі мақсаты жоғарғы сынып оқушыларын олардың қабілеттеріне, қызығушылықтарына, қоғам сұранысына сай келетін белгілі бір мамандық түріне баулу болып табылады. Сол себептен кәсіпке баулу бағдарламаларын жасау негізінде төмендегі мәселелер басшылыққа алынады.

- жалпы білім дайындығы базасында алғашқы кәсіпке баулу және олардың өзара байланыстылығын ескеру;
- оқушылардың нақты кәсіпті игеруі барысында оқытуды өнімді еңбекпен ұштастыра білуге дағдыландыру;
- жоғары сынып оқушыларының мамандық таңдаудағы психологиялық дайындығын барлық сыныптардағы оңтайлы үйлесімділігі мен мектеп оқушыларының көпшілік кәсіпті таңдауында, қоғамға пайдалы еңбекке бағыттау.

Мамандық таңдауға әзірлеу – жеке адамды жан-жақты әрі үйлесімді дамытудың негізгі бөлігі, сонымен қатар ол оқу-тәрбие процесінің негізінде оқушыны адамгершілік, еңбек, ақыл-ой, эстетикалық тәрбиеге баулиды.

Мамандықты таңдау ұғымы өте маңызды, себебі бұл тұлғаның өмір бойы қалыптасатын негізгі оқиғалардың бірі. Сонымен қатар бұл оқушының болашақтағы өміріне негізгі ықпал ететін күш. Кейбір жасөспірімдер мамандықты өзіндік талдау негізінде талдайды. Бұл олардың психологиялық дайындығының негізгі көрсеткіші.

Мамандық - адамның белгілі бір қызмет атқаруына мүмкіндік беретін білім мен практикалық дағды жиынтығы. Мамандық таңдау - күрделі процесс. Бұл процесте адам өзінің өмірдегі жолын қателеспей табу үшін ойланады, ізденеді. Қажетсіз мамандық болмайды және де мамандық адамдардың белгілі бір қажеттіліктерін өтейді, олардың дұрыс, қалыпты өмір сүруіне жағдай туғызады. Мектеп бітіріп, қолына кәсіптік аттестат алған кейбір жастар еңбекке араласқанда іске икемсіз, орашолақ келеді. Мамандар қанша үйретседе, олардың сөздеріне аса көңіл қоймай, енжар, самарқау қабылдайды. Соның әсерінен көптеген қиындық көреді, бір жұмыстан екінші жұмысқа жиі ауысып, тұрақсыздыққа бой ұрады. Үлкен өмірге енді аяқ басқан жас ұланның алдында мыңдаған мамандықтан өзіне лайықты біреуін таңдау міндеті туралы.

Жоғары сынып оқушыларының мақсаты негізінен мамандық таңдауды болашағым деп түсінуінде. Олардың еркін, ешкімнің ықпалынсыз, өз танымының, қызығуының балалық армандарының орындалуын өзіндік еншісі деп түсінуге болады. Тәуелсіз елге білікті маман даярлау мәселенің алғашқы дайындығына икемдеу орта оқу орындарынан бастау алады. Оқушылардың кәсіп таңдау негізінде көбінің ата-аналарының ақыл - кеңесіне сүйенетіне немесе біреудің ықпалымен таңдалынған мамандық не талапкерлердің мамандықтарды таңдаудағы жүйесіздігі, оқушының болашағына, оның дүниетанымы мен қызығуына шабылған балта деп есептеуге тура келеді. Сондықтан өзінің көңілі сүймеген мамандыққа баруларына байланысты оқуды тастап кетуі, болашақта мамандықтары бойынша жұмыс істемеулеріне негіз болады. Әрине, оқушының туа біткен дарынына немесе жастайынан бейімделген іскерлігіне, тіпті болмаса өзі аңғармаған талантына байланысты бағдар беріп, ынталандыруға болады. Бірақ үгіт жүргізіп, жаңадан ашылып жатқан мамандықтардың мағынасын жете түсіндірмей, оқушының танымдық қызығушылығын шет қалдырып, басқа игіліктер үшін итермелеуге болмайды.

Л.Н. Божович жоғары сынып оқушыларының білімі мен олардың оқу процесін әлеуметтік мотивтерін зерттеуін қорытындылауы қажеттіліктерді теориялық тұрғыда түсіну мен мотивтердің дамуына қатысты кейбір жүйелерді алға тартады. Белгілі бір әрекетке деген талпыныс қажеттіліктерден туындайды. Ал оны қанағаттандыруға ниетті объекті қызметінің мінезі мен негізгі бағытын анықтайды.

Сыртқы объектілер жеке тұлғаның белсенділігін ынталандырады. Объектілердің өзгеруіне байланысты қажеттіліктердің даму мазмұны дамудың негізгі көрсеткіштері болып табылады. Адаммен қойылған мақсаттар, осы бойынша қабылданған саналы түрдегі шешімдер адамның тәртібінде көрініс табуы шарт.

Мотивациялық саланың иерархиялық құрылысы жеке тұлғаның бағытын анықтайды. Жоғарғы сынып оқушысының (9-11 сынып) тұрақты бағыты қалыптасады. Осы және басқа бағыттың болуы жасөспірімнің жалпы тұлға ретінде қалыптасуында маңызды орын алады. Бұл оның тұлғасындағы адамгершілік жағын, сонымен қатар оның тәртібі мен қызметіндегі ерекшеліктер жүйесін анықтайды.

Мамандық таңдауда кәсіби бағыт-бағдар берудің теориялық негізін құрастыру нәтежисінде, атап айтар болсақ кәсіби бағдар берудің пайда болуы мен дамуы үшін, сонымен қатар кәсіби бағдар беру мен жеткіншектің қасиеттерінің арасындағы байланыс негізінде төмендегідей қорытынды шығарамыз.

Жасөспірімнің кәсіби өзіндік анықтауы қазіргі уақытта көптеген авторлардың тұжымдамалары бойынша тұлғаның жалпы даму үрдісі деп түсіндіріледі.

Бұл тұлғаның рухани дамуы ретінде кәсіп таңдауға негізделмейді. Сондықтан мамандық таңдауда кәсіби бағдар берудің ғылыми теориясын қалыптастыру үшін өзіндік анықтаудың психологиялық және ішкі қалыптасу

заңдылықтарын зерттеу басты міндет болып табылады. Мамандық таңдау осылайша жалпы тұлғаның дамуына байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Психология и выбор профессии. — М., 1992;
2. http://www.litres.ru/pages/biblio_book/?art=43254595&lfrom=204420127
«Организация деятельности по профессиональному самоопределению школьников Практикум»: 2018
3. http://www.litres.ru/pages/biblio_book/?art=38986460&lfrom=204420127
«Предпрофессиональная социализация школьника в процессе обучения: социально-технологический подход»: 2018
4. http://www.litres.ru/pages/biblio_book/?art=28288804&lfrom=204420127
«Актуальные проблемы подготовки школьников и студентов к профессии»: Прометей; Москва; 2017